

УДК 336.7

ИНФЛЯЦИЯ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ - ЭКОНОМИКА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Жасұланқызы Жанна

zhanka-0103@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті,
«Қаржы» мамандығының 2-курс студенті, Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Зағыпар Г.А.

Инфляцияның жалпы әдеттегі анықтамасы – айналымдағы ақша массасының қажеттіліктен тыс артып кетуі. Бұл ақша өлшемінің құнсыздануына және тауар бағаларының соғұрлым өсуіне әкеледі. Алайда инфляцияны айналым процесін құнсызданған ақшамен толтыра беру деп түсіндіру жеткіліксіз. Инфляцияға тауар бағаларының өсуінен көрінгенімен, ол ақшаға ғана тән «ғажайып құбылыс» емес. Ол – күрделі әлеуметтік экономикалық құбылыс, оны тұтынушы рынок шаруашылығының түрлі саласындағы ұдайы өндіріс сәйкестілігінің бұзылуы. Инфляция дүние жүзіндегі көптеген елдердің экономикалық өміріндегі ең өткір проблемаларының бірі болып табылады. [1]

Бағаның өсуі және ақшаның шамадан көп шығуы бұл тек инфляцияның сыртқы көрінісі ғана: Ұлттық шаруашылық пропорциясының бұзылуы, жалпы тепе-теңдіктің бұзылуы инфляцияның терең себептері. Әлемдік экономикалық әдебиеттерде инфляцияны және ұлттық шаруашылықты баланссыздыққа алып келетін 3 негізгі күші бөліп көрсетеді.

1. Қағаз ақша эмиссиясына мемлекеттік монополия, сыртқы сауда өндіріссіздігі, әскери және басқа шығындар, қазіргі мемлекеттің функцияларымен байланысты. [2]

2. Жалақының деңгейіне және мөлшеріне кәсіподақ-тардың монополиясы.

3. Жеке шығындар мен белгілі бір бағаларға ірі фирмалардың монополизмі.

Инфляцияның зардаптары күрделі және көп түрлі болып келеді. Инфляцияның жоғары деңгейі баға мен пайда нормасын жоғарылатып, уақытша конъюктураны жандандырады.

Инфляцияның әлеуметтік зардаптары да бар, ол ұлттық табысты қайта бөледі, халыққа салық үстіне салық болып, номиналды және нақты жалақының өсу қарқынын қызметтер мен тауарлар бағасының күрт өсуінен кейін қалдырады. Инфляция зардабын барлық жалдамалы жұмысшылар, еркін кәсіп иелері, зейнеткерлер т.б. басынан өткізеді.[3]

Инфляциялық процестің жағдайларына байланысты ақша айналысын тұрақтандыру формаларына: ақша реформасы мен антиинфляциялық саясат жатады. Ақша реформасы - ұлттық ақша бірлігін тұрақтандыруға, елдің ақша жүйесін қалыпқа келтіруге және нығайтуға бағытталған ақша айналысында меллекет тарапынан жүзеге асатын түрлендірулер.[4]

1-кесте. Ақша реформаларын жүргізу әдістері

Ақша реформалары төмендегідей әдістер көмегімен жүзеге асырылады:
- жаңалау
-табыс саясаты
-индексациялау
- қалыпқа келтіру
- деноминация
Ескерту: Дереккөз – Мақыш С.Б. Ақша, несие, банктер теориясы. Оқулық.Алматы: 2014 ж.

Инфляция қарқыны статистикалық көрсеткіш – тұтыну бағаларының индексі көмегімен анықталады (ТБИ). Тұтыну бағаларының индексі тауарлар мен қызметтердің түрлерін қамтитын тұтыну қоржыны негізінде анықталады.

«Тұтынушы қоржыны» деген – қалалық тұрғынның апта немесе ай сайын тұтынатын тауарларының жиынтығы. Оған ет, сүт, нан, киім-кешек сияқты 50-ге тарта тауар кіреді. Бұл – өте аз. Егер шетел тәжірибесіне көз салсақ, мәселен, Германияда «тұтынушы қоржынына» 300 түрлі тауар салынады. Оның ішіне аптасына бір рет киноға бару да кіреді. [5]

Осы қоржындағы тауарлардың бағасы қалай өзгереді, инфляцияны соған байланысты есептейді. «Тұтынушы қоржыны» деген – қалалық тұрғынның апта немесе ай сайын тұтынатын тауарларының жиынтығы. Оған ет, сүт, нан, киім-кешек сияқты 50-ге тарта тауар кіреді. Бұл – өте аз.

Егер шетел тәжірибесіне көз салсақ, мәселен, Германияда «тұтынушы қоржынына» 300 түрлі тауар салынады. Оның ішіне аптасына бір рет киноға бару да кіреді. Осы қоржындағы тауарлардың бағасы қалай өзгереді, инфляцияны соған байланысты есептейді. 2019 ж.тамызында тұтыну қоржыны құрамындағы тауарларды бір айда сатып алуға қажетті

минималды күнкөріс деңгейі – 31 982 теңге. Бұл көрсеткіш 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21%-ға өскен. [6]

Ұлттық Банктің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Баға тұрақтылығы инфляцияның төмен деңгейіне қол жеткізуді және сақтауды білдіреді. Төмен халықтың сатып алу қабілетін ұстап тұруға, экономикалық белгісіздікті төмендетуге мүмкіндік береді, өндіріске ұзақмерзімді инвестициялардың өсуіне мүмкіндік жасайды және экономикалық өсуге және халықтың әл-ауқатының жақсаруына барынша мүмкіндік жасайды.

2016-2017 жылдары Ұлттық Банктің нысаналы бағдары жылдық инфляцияның 6-8% дәлізі болып табылды. Инфляция бойынша орта мерзімді мақсатын іске асыру стратегиясының шеңберінде 2018 жылдан бастап нысаналы бағдарлар төмендейді [6].

Инфляцияның нысаналы бағдарлары мынадай деңгейде белгіленеді:


- 2018 жылдың соңында 5-7%,
- 2019 жылдың соңында 4-6%,
- 2020 жылдың соңында және келесі жылдары төмен, бірақ 4%-ға жуық.

Келесі графиктардан инфляциялық күтулер бойынша халыққа жүргізілген пікіртерім нәтижелерін көруге болады. [7]



1-сурет. Халықтың азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтерге бағаның өзгерісі туралы ойлары (2017-2019жж.)

Ескерту: Дереккөз - <https://www.nationalbank.kz> - Қазақстан Ұлттық банкінің ресми интернет-ресурсы.



2-сурет. Халықтың тұтынушылық және жинақ көңіл-күйі (2017-2019жж.)

Ескерту: Дереккөз - <https://www.nationalbank.kz> - Қазақстан Ұлттық банкінің ресми интернет-ресурсы.

2-кесте. Инфляция құбылысын талдау

Инфляция құбылысының жағымды жақтары:	Инфляция құбылысының жағымсыз жақтары:
Болашаққа деген инвестицияны арттырады;	Ақша құнсыздануы орын алады;
Қызметкерлерге жалақыны арттыруды күтуге мүмкіндік береді;	Экономика артуы бәсеңдеп, ЖҰӨ көлемі қысқарады;

Тауарлар мен қызметтерге деген баға артатындықтан, кәсіпкерлік қабілет артуы мүмкін;	Елдің сыртқы қарызы көбейеді;
Инфляциядан соң экономикада жандану орын алуы мүмкін;	Инвестиция көлемі азаяды;
Бәсекелестік қабілет артады;	Жұмыссыздық орын алып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашарлайды;
Ескерту: Автормен құрастырылған	

Ақша-несие саясатын жүргізген кезде ел экономикасының ерекшеліктеріне баса назар аудару керек. Дамушы экономика жағдайында баға тұрақтылығы маңызды. Елге нақты экономикалық өсу мен жұмыспен қамту көрсеткіштерін қамтамасыз ететін монетарлық саясат қажет. Халықтың толық жұмысбастылығын қамтамасыз етіп, экспортқа дайын өнім шығару.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мақыш С.Б. Ақша, несие, банктер теориясы. Оқулық. - Алматы: 2014 ж. [29-бет]
2. Лясков Қ.Қ., Құлпыбаев С. Қаржы. Оқулық. II-бөлім. - Алматы: 2014 ж. [359-бет]
3. Сейтқасымов Ғ.С. Ақша, несие, банктер. Оқулық. - Алматы: 2014 ж. [88-бет]
4. Экономикалық теория. Оқулық. С.Н. Досмағанбетов.-Алматы: 2014ж.[257-бет].
5. Доғалов А.Н. Макроэкономика. Оқулық. II-бөлім. - Алматы: 2019 ж. [52-54 бет]
6. <https://www.nationalbank.kz>-Қазақстан Ұлттық банкінің ресми интернет-ресурсы
7. www.stat.gov.kz- ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті